

БИПОЛЯР ҚОҒАМ КОНТЕКСІНДЕГІ КӨПҚЫРЛЫ БІРЕГЕЙЛІК: ҚАЗАҚСТАН МОДЕЛІ

¹Ш.Е. Бақытжан, ²А.Ф. Тасболат

АННАТПА

Мақалада этникалық қазақтардың демографиялық үстемдігі мен көпқырлы мәдени-тілдік бірегейліктер жағдайындағы Қазақстан Республикасында ұлттық бірлікті қалыптастырудың күрделі процесі талқыланады. Тарихи талдау көрсеткендей, кеңестік кезеңнен бүгінгі күнге дейін қазақтар мен түрлі этностардың арақатынасы ұжымдастыру, көші-қон, 1930-жылдардағы ашаршылық және 1990-жылдардағы Тәуелсіз мемлекет құру кезеңдеріндегі нақты мемлекеттік саясаттың әсерінен өзгерістерге ұшырап отырған. Осы тарихи процестің нәтижесінде қазақтар азшылық мәртебесінен түбегейлі басымдыққа қол жеткізіп, «титулдық ұлт» ретіндегі рөлін күшейтіп, қазақ тілі мен символдарының кең дамуына қол жеткізді. Дегенмен, тарихи түрде орныққан орыстілді ортаның сақталуына орай гибридіті (көпқырлы) бірегейлік феномені қалыптасып отыр. Қалалық халықтың, соның ішінде қазақ текті халықтың бір бөлігі күнделікті өмірде орыс тілін қолдануды жалғастырып келеді, ал ұлттық саясат қазақ мәдениетінің басымдығын нығайтуға тырысуда. Мақалада қазақтардың тарихи және демографиялық рөлін мойындамаса, көпқырлы бірегейлік қоғамды бөлу факторына айналуы мүмкін екеніне баса назар аударылады. «титулдық ұлт» қоғамды біріктіріп, ұлттық бірліктің берік негізі бола алған жағдайда ғана мемлекет қостілділікті немесе көптілділікті тиімді іске асыра алатыны тарқатылады.

Түйін сөздер: биполяр қоғам, титулдық ұлт, көпқырлы бірегейлік, демографиялық өзгерістер, қазақ тілі, бірігу саясаты.

¹ Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

² ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Бақытжан Ш.Е.,
shynarbakyty@gmail.com

Мақаланың сілтемесі:
Бақытжан Ш.Е., Тасболат А.Ф.
Биполяр қоғам контексіндегі
көпқырлы бірегейлік:
Қазақстан моделі // Адам
әлемі. – 2025. – №2 (103).
– Б. 105-113.

Множественные идентичности в контексте биполярного общества: казахстанская модель

Аннотация. В данной статье рассматривается сложный процесс формирования национального единства в Республике Казахстан в условиях демографического доминирования казахского этноса и наличия множественных культурно-языковых самоидентификаций. Исторический анализ показывает, что начиная с советского периода и вплоть до сегодняшнего дня соотношение между казахами и другими этносами менялось под воздействием коллективизации, миграций, голода 1930-х и политики независимого государства в 1990-е годы. В результате казахи перешли от статуса меньшинства к положению абсолютного большинства, что усилило их роль «титальной нации» и стимулировало широкое продвижение казахского языка и символов. Вместе с тем сохраняется исторически укоренённое присутствие русскоязычной среды, что порождает феномен гибридных (множественных) идентичностей. Многие горожане, в том числе казахского происхождения, продолжают пользоваться русским языком, в то время как национальная политика стремится укрепить приоритетность казахской культуры. В работе подчёркивается, что без признания исторической и демографической роли казахов множественная идентичность рискует стать фактором социального разделения. Государство может успешно поддерживать дву- или многоязычие, но лишь при условии, что «титанская нация» консолидирует общество, выступая прочной опорой национального единства.

Ключевые слова: биполярное общество, титульный этнос, множественная идентичность, демографические перемены, казахский язык, политика консолидации.

Multiple Identities in the Context of a Bipolar Society: the Kazakhstani Model

Abstract. This article explores the complex process of forging national unity in the Republic of Kazakhstan, where the Kazakh ethnic group holds a demographic majority while multiple cultural and linguistic identities coexist. A historical analysis demonstrates that from the Soviet era to the present day, the relationship between Kazakhs and other ethnic groups has undergone significant changes due to collectivization, migration, the famine of the 1930s, and the policies of the independent state during the 1990s. Consequently, Kazakhs have moved from minority status to an absolute majority, strengthening their role as the “core nation” and facilitating the broad advancement of the Kazakh language and symbols. At the same time, the historically entrenched Russian-speaking environment continues to exist, resulting in the emergence of hybrid (multiple) identities. Many urban dwellers, including some of Kazakh origin, continue to use Russian in daily life, while national policy seeks to emphasize the priority of Kazakh culture. The article underscores that if the historical and demographic role of the Kazakh people is not recognized, multiple identities risk becoming a driver of social fragmentation. The state can effectively support bilingualism or multilingualism only if the “core nation” provides a solid framework for national cohesion.

Key words: Bipolar Society, Titular Ethnicity, Multiple Identities, Demographic Shifts, Kazakh Language, Consolidation Policy.

Kipicne

Қазіргі заманғы полиэтникалық мемлекеттер ұлттық бірлікті қамтамасыз ету ісінде елеулі сын-қатерлерге жиі тап болады, әсіресе бір ел аумағында бірнеше ірі этникалық және мәдени қауымдастықтар қатар өмір сүрген жағдайда мәселе күрделене түседі. Жаһандану мен миграциялық процестер бір адам бір мезгілде өзін бірнеше мәдениетке, тілге және әлеуметтік топтарға қатысты деп санай алатын көпқырлы бірегейлік феноменін туғызады. [1-2, 1–4 бб.]. Өзін-өзі айқындаудың гибриді немесе көпқырлы бірегейлік формалары қоғамдағы қарым-қатынасты әрдайым үйлесімді іске асыруға мүмкіндік бере бермейді: нақты ортақ құндылықтар, мойындалған символдық басымдықтар мен саяси ерік-жігер жетіспеген жағдайда гибридік бірегейлік мемлекеттегі статусы мен ресурстар үшін бәсекелесетін топтар арасындағы қайшылықтарды өршітіп жіберуі мүмкін.

Қазақстан осындай көпқырлы қарым-қатынас мен ықпалдасудың ерекше мысалы саналады. Оның тарихи жолы отаршылдық дәуір, кеңестік кезең, 1991 жылы басталған Тәуелсіздік жылдары мен қазіргі кезеңге дейінгі уақыт аралығын қамтиды. XX ғасыр бойы жергілікті халық – қазақтар мен түрлі этникалық топтар, атап айтқанда ұзақ уақыт бойы халықтың елеулі бөлігін құрап келген орыс халқы арасындағы этнодемографиялық арақатынас күрт өзгерді. Кеңес дәуірінде қазақтар сан жағынан көбіне азшылық жағдайында болып, бұл мәдени өмірдің орыстануына және қалаларда «бимәдени» ортаның пайда болуына алып келді. Егемендік алумен және жаппай миграциялық процестердің (соның ішінде қандастарды репатриациялау, орыстілді халықтың көшуі) нәтижесінде қазақтардың үлесі отыз жыл ішінде айтарлықтай өсіп, 2021 жылғы санақ қорытындысы бойынша 70%-дан асты [3, 1–3 б.].

Зерттеуіміздің мақсаты – этнодемографиялық құрылымның қалай өзгергенін және оның Қазақстандағы «көпшілік – азшылық» қарым-қатынасының қалыптасуына қалай әсер еткенін ашып көрсету. Қазақтарды «титулдық этнос» ретінде қарастыру идеясына ерекше назар аудартылады, себебі соның шеңберінде мемлекет ұлттық бірліктің тұрақты жүйесін құра алады. Қазақ этносының басым рөлін нақты танымау жағдайында көптеген бірегейлік формалары (қазақтар, орыстілді және басқа да топтар) бірігудің емес, әлеуметтік шиеленістердің ресурсына айналып кетуі мүмкін екендігіне баса назар аударылады.

Мақалада, сондай-ақ, кеңестік және посткеңестік халық санақтарының деректері келтіріледі, тіл және этносаралық қатынастар саласындағы саясат талданады, бұған қоса азаматтардың өздерінің ұлттық-мәдени шығу тегін қабылдауын түсінуге мүмкіндік беретін әлеуметтанулық зерттеулер қарастырылады. Қазақ тілін, мәдениетін және символдарын

нығайтуға бағытталған ұлттық құрылыс ішкі идентификациялық айырмашылықтарды жағымды арнада ұстап тұру үшін негіз бола алады деген қорытынды жасалады. Мұндай басымдықсыз мемлекет мәдени бәсекелестіктің жаңа толқындарының қаупімен бетпе-бет келуі мүмкін, әсіресе әлі де ықпалы зор орыстілді орта сақталған «биополар» мұра жағдайында мұндай басымдықтың орны маңызды.

Ұлттық мемлекеттер тәуелсіздікке салыстырмалы түрде жақында қол жеткізген посткеңестік кеңістікте, «өзек ұлт» [8, 1–7 б.] немесе «титулдық этнос» [9, 23–54 бб.], идеясы қоғамды шоғырландырудың негізгі құралына айналады. Қазақстанда мұндай этнос ретінде 1990 жылдары 50%-дан асып, кейінгі онжылдықтарда 70%-дан асқан қазақтар [3, 1–3 б.] алға шығып отыр. Бұл факт оларға тек сандық ғана емес, сонымен қатар қазақ тілін нығайтуға және орыстілді мұраның рөлін қайта қарауға ықпал ететін саяси-мәдени артық-шылық береді.

Бұл зерттеу алғаш рет үш маңызды «бетбұрыс кезеңдерін» (1930 жылдардағы ашаршылық, тың игерумен байланысты урбанизация, посткеңестік репатриация) көрсететін үздіксіз тарихи-демографиялық панораманы (1926–2021 жж.) алға тарта отырып, Қазақстанның биополар этносаяси тәртіптен моноцентрлік ұлттық бірегейлікке өтуін сандық тұрғыдан негіздейді: «көпқырлы бірегейлік ↔ титулдық этнос» тұжырымдамасын айналымға енгізе отырып, гибридік бірегейліктің титулдық этностың жетекшілігі жағдайында ғана тұрақтылыққа негіз бола алатынын дәйектеп көрсетеді. Сондай-ақ, аймақтық гибридік бірегейлік формаларын типологиялау арқылы ұғымдық аппаратты нақтылайды (солтүстік-шығыстағы «орыстілді белдеу» мен оңтүстік-батыстағы қазақтілді ядро немесе өзек); және этникалық дискриминациясыз тіл саясатын теңгерімді іске асырудың практикалық құралы ретінде «жұмсақ ұлттандыру» концептін ұсынады.

Әдіснама

Зерттеу тарихи-демографиялық тәсілге негізделген, оған БАҚ-ты контент-талдау және нормативтік құжаттар, сондай-ақ әлеуметтанулық сауалнамалар нәтижелерін салыстыра анализ жасау да кіреді. Негізгі дереккөздер мыналар: кеңестік халық санағы мен Тәуелсіз Қазақстанның халық санағының деректері, көші-қон процестері туралы материалдар (қазақтарды репатриациялау, орыстілді халықтың эмиграциясы), қазақ болмысы мен мәдениетін қолдауға бағытталған ресми бағдарламалар (мысалы, «Рухани жаңғыру», «Мәдени мұра») [3, 1–3 б.; 4, 58 б.; 10, 1–10 бб.; 11, 241–263 бб.].

Жан-жақты мәліметтер жинау мақсатында 2023 жылғы 30 қыркүйек пен 5 қазан аралығында Қазақстан Республикасының бірнеше ірі өңірлерінде бетпе-бет сауалнама жүргізілді. Бұл өңірлерге Астана мен Алматы қалалары, сондай-ақ Атырау, Шығыс Қазақстан, Қостанай және Түркістан облыстары кірді.

Сауалнамаға қатысушылардың жасы 18–34 жас аралығындағы едәуір көп топтан бастап, 66 жастан асқан аздау, бірақ маңызды санатқа дейінгі ауқымды қамтиды. Бұл қатысушылардың өмірлік тәжірибесі алуан түрлі екенін көрсетеді. Жыныстық құрам бойынша әйел респонденттердің үлесі ерлерге қарағанда сәл басым (1-кесте).

1-кесте – Жас, жыныс және этникалық құрам (n = 1200)

Санат	Ішкі санат	Саны	%
Жас мөлшері	18–34 жас	410	34,2
	35–50 жас	372	31,0
	51–65 жас	273	22,8
	66 және одан жоғары	145	12,0
Жынысы	Ер	554	46,2
	Әйел	646	53,8
Этникалық құрам	Қазақ	863	71,6
	Орыс	209	17,4
	Татар	28	2,3
	Өзбек	24	2,0
	Украин	18	1,5
	Ұйғыр	13	1,1
	Басқа (барлық қалған топтар)	45	3,8
Жалпы	–	1200	100,0

Іріктеу әдісі маршруттық тәсілге негізделіп, негізгі демографиялық көрсеткіштерді (жынысы, жас топтары, елді мекен түрі – қала/ауыл) ескеретін квоталар арқылы толықтырылды. Мұндай тәсіл Қазақстан халқының демографиялық күрделілігін нақтырақ көрсетуге бағытталып, ірі қалалармен қатар шалғай өңірлердің де жеткілікті дәрежеде қамтылуын қамтамасыз етті.

Авторлар мұндай өкілділікті «ұлттық көпшілік» ұғымына деген көзқарасты, азшылықтардың әлеуетті мәртебесін және тіл саясатына қатысы бар пікірлерді зерттеу үшін аса маңызды деп санады. Қазақстан – көпэтносты мемлекет және қазақ-орыс қостілділігі қалыптасқан ел болғандықтан, сауалнама екі тілде – қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді.

1200 сауалнаманың 43,8%-ы қазақ тілінде, 56,2%-ы орыс тілінде толтырылды.

Деректер жиналған соң, олар стандартты сандық өңдеуден өтті. Қатысушылардың әрбір жауап нұсқасын таңдауы жиілік талдауы арқылы есептеліп, пайыздық үлестері негізгі тақырыптар бойынша пікір таралуын сипаттау үшін пайдаланылды. Бұл тақырыптарға титулды этностың сандық басымдығының қаншалықты орынды екені, кеңестік дәуірдегі демографиялық ахуалдың интерпретациясы және әртүрлі этно топтардың тілдік бейімделуі секілді мәселелер кірді.

Сонымен қатар зерттеуде қазақстандық демографтар Ж. Әубәкірова мен А. Алексеенконың

этностар санының динамикасын көрсететін еңбектері маңызды орын алады [12, 25–48 бб.]. Қазақстандық және ресейлік БАҚ-тағы жарияланымдарды зерттеу «қазақтандыру» процесінің, қазақ тілі мәртебесінің өсуінің және орыстіді халықтың көңіл-күйін қоғамдық пікірталас қалай көрсететінін түсінуге мүмкіндік берді. Қосымша мәліметтер Р.К. Қадыржанов пен Д.Д. Ешпанованың Қазақстандағы ұлттық құрылыс және этносыясат мәселелері бойынша көпжылдық зерттеу саналатын монографиясын талдау барысында алынды. Авторлар Қазақстанның этнодемографиялық эволюциясының соңғы 150 жылдағы мәселелерін; Қазақстан халқы құрамындағы қазақтардың үлесінің азаю тенденцияларын және этноқұрылымның биполяр қоғамға айналуын зерттеп, Қазақстанның өткені мен бүгініне қатысты көпшілік-азшылық мәселелерімен айналысқан еді [25, 200 б.].

Негізгі бөлім

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Ресей империясы кезеңінде де қазіргі Қазақстан аумағында славян халықтарының қоныс аударуымен байланысты белсенді отарлау саясаты жүріп жатты. Қазақтар, кейбір аудандарда орыс қауымдастықтарының болуына қарамастан, әлі де көпшілік құрап еді. Сондықтан, Кеңес дәуірінде 1926 жылы жүргізілген алғашқы бұкілодақтық халық санағы қазақтардың үлесі шамамен 58,5%-ға жеткенін, ал орыстар шамамен 20%-ды құрағанын тіркеген еді [10, 1–10 бб.].

Жағдай 1930 жылдары ұжымдастыру кезінде күрт өзгерді. Жаппай ашаршылық (1932–1933) қазақ этносының санын шамамен бір жарым миллион адамға қысқартты [13, 162 б.]. Сол кезеңде республикаға КСРО-ның еуропалық бөлігінен қоныс аударушылар жеткізілді, сондай-ақ бірқатар халықтарды (корейлер, Еділ бойы немістері және т.б.) депортациялау ісі жүргізілді, бұл этнодемографиялық тепе-теңдікті одан әрі бұзды. 1939 жылға қарай қазақтар орыстар мен басқа да славян этностарының көптеп қоныстауына байланысты сандық басымдықты ұстап тұра алмады [3, 1–3 б.].

Келесі онжылдықтар (1940–1950 жылдар) әсіресе қалаларға орыстар, украиндар, белорустар белсенді түрде көшіп келгендіктен, орыстандыруды күшейтті. 1950–1960 жылдардағы тың игеру тағы да славян халқының үлесінің өсуіне әкелді. 1959 жылы қазақтардың үлесі рекордтық ең төменгі 30%-ға жетті, ал кейбір аймақтарда (мысалы, солтүстікте) қазақтар жергілікті халықтың тек оннан бір бөлігін ғана құрады [3, 2 б.]. Мұндай жағдай орыс тілінің инфрақұрылымдық және мәдени позицияларын мықтап орнықтырып, оны іс жүзінде әкімшілік және техникалық салалардағы негізгі тілге айналдырды [7, 53 б.].

1960–1980 жылдары «демографиялық революция» басталды, бұл кезде қазақтар арасындағы табиғи өсім басқа этностарға

қарағанда айтарлықтай жоғары болды, ал сла-
вян халықтарының бір бөлігі РСФСР-ға кері
көшіп жатты. 1979 жылға қарай қазақтардың
үлесі 36%-ға дейін көтерілді, ал 1989 жылы
қазақтар кеңестік кезеңде алғаш рет орыстар-
мен сан жағынан іс жүзінде теңесіп, олардан
сәл ғана асып түсті (39,7% қарсы 37,8%) [3, 3 б.].

*Тәуелсіздікке бетбұрыс және «титулдық
этнос» санының артуы*

КСРО-ның 1991 жылы ыдырауы Қазақстан-
ның этнодемографиялық тарихының жаңа
парағын ашты. Орыстілді халықтың бір
бөлігінің жаппай эмиграциясы және со-
нымен параллель түрде көршілес елдер-
ден (Өзбекстан, Қытай, Моңғолия, Ресей)
этникалық қазақтардың (қандастардың) ре-
патриациясы 1999 жылы қазақтардың үлесін
53,4%-ға, 2009 жылы 63,1%-ға жеткізді, ал 2021
жылы бұл цифра 70%-дан асты [3, 1–3 б.].

Жергілікті халық санының дәл осылай қар-
қынды өсуі мемлекеттің «қазақ ұлты» басты
этно-мәдени тірегі ретінде көру идеясына де-
ген қызығушылығын арттырды. «Мәдени мұра»
(2000-шы жылдардың ортасы) және «Руха-
ни жаңғыру» (2017) сияқты мемлекеттік бағ-
дарламалар қазақ тілінің, мәдениетінің және
дәстүрлерінің қоғамдық өмірдегі рөлін нығайту
ұмтылысын танытады [12, 25–48 бб.; 14, 45–48
бб.]. Сонымен қатар, билік қостілділікті ыңғайлы
этносаралық қарым-қатынас стратегиясы ретін-
де жариялай отырып, орыстілді халыққа қарсы
өткір риторикадан аулақ болуға тырысады.

*Бірегейліктің гибриділігі және оның
қарама-қайшылықты рөлі*

Демографиялық көпшілік мәртебесіне
көшу барысында қала орталықтарының орыс-
тануының тарихи факторы әлі күнге сақталып
қалды. Отбасылары қалаларда екі-үш ұрпақтан
бері тұрып жатқан көптеген жас қазақтар
күнделікті өмірде орысша сөйлейді, дегенмен
қазақ тілін көбіне этно-мәдени шығу тегінің тілі
ретінде мойындайды [15, 78–81 бб.]. Сонымен
қатар, егер кетпеген болса, орыстілді азаматтар,
әсіресе оңтүстік аймақтарда, қазақ тілін базалық
деңгейде меңгеріп үлгенген деуге болады.

Осылайша, күнделікті өмірде «көпқырлы
бірегейлік» қалыптасқан еді: мұны қазақ ұлтын
орыс тілімен, «қазақстандық» азаматтық сезімін
этникалық дәстүрлермен және т.б. үйлестіру
десек болады. Бұл жиі икемділік пен ашықтық
ретінде қабылданады, алайда сауалнамалар
респонденттердің (әсіресе қазақтар арасын-
да) бір бөлігі гибридіктің мұндай жоғары
деңгейін «өзек» саналатын қазақ мәдениеті
төңірегінде шоғырлануға қауіп төндіреді деп
санайтынын көрсетіп отыр. Олар қазақ тілінің
айқын басымдығынсыз әртүрлілікті шамадан
тыс жоғары көтеру тек орыс тілінің позиция-
сын нығайтып, жасырын бәсекелестікке әкелуі
мүмкін деп санайды [11, 241–263 бб.].

Осыған ұқсас алаңдаушылықты кейбір орыс-
тілді азаматтар да білдіреді, олар «қазақтан-
дыруға» бағытталған ұмтылыс ұзақ мерзімді

перспективада олардың мансабы мен мүмкін-
діктерін шектеуі мүмкін деп есептейді, әсіресе
қазақ тілі барлық мемлекеттік органдарға және
жеке компанияларға жұмысқа қабылдаудың
міндетті шарты болған жағдайда болашағына
алаңдайтынын аңғартады. Р. Брубакер атап
өткендей, посткеңестік жағдайда көпқырлы
бірегейлік «шекаралық аймақтарды» тудыруы
мүмкін, онда әрбір этникалық қауым-дастық өз
ықпал ету аясын бекітуге тырысады [9, 34 б.].

*Ұлттық құрылыс: титулдық этнос пен
қазақ тілінің маңызы*

Қазіргі саяси ақыл-ойда әрбір ұлттық
мемлекеттің тәуелсіз білім беру саласында
сол халықтың символдар жүйесі мен негізгі
құндылықтарын белгілейтін белгілі бір «өзек»
мәдениеті бар деп есептеледі [8, 5 б.]. Қазақстанда
Конституцияға және бірқатар заңнамалық
актілерге сәйкес, қазақ тілі мемлекеттік тіл болып
жарияланған, ал орыс тілінің дербес мемлекеттік
мәртебесі жоқ, тек «ресми қолданылатын» тіл
ретінде қарастырылады [16, 3 б.].

Бұл қадам қазақтарға барынша идеоло-
гиялық кеңістікте орталық позицияны иеле-
нуіне мүмкіндік береді, титулдық этностың
басымдығын жақтайтындардың пікірінше,
бірліктің «табиғи» негізін қамтамасыз етеді:
мемлекеттік рәміздер (елтаңба, әнұран), тари-
хи тұлғалар (Әлихан Бөкейханов, Кенесары
Қасымов), мәдени мерекелер (Наурыз) тұтас
ұлт үшін факультативтік емес, жалпыға міндетті
болады [14, 46 б.]. Алайда, бұл бағыттың сын-
шылары мұндай басымдық орыстілді аза-
маттар мен басқа да азшылықтардың «жат-
тануына» әкелуі мүмкін деп көрсетеді. Егер
мемлекеттік саясатта инклюзияның нақты
тетіктері болмаса, онда миграцияның артуы
және әлеуметтік жіктелудің күшею қаупі бар.
Билік бұған Қазақстан халқы Ассамблеясын
сақтау, мәдени орталықтарды қолдау мен
жоғары саяси ортада қостілділікті жария емес
түрде мойындау арқылы жауап беріп келеді.

Көпқырлы бірегейлік теориясына сәйкес,
егер басқа бірегейлік қабаттардың барлығы
тартылатын «орталық» нақты белгіленген
жағдайда, мұндай тепе-теңдік өнімді болуы
мүмкін [17]. Қазақстанда бұл орталық – тари-
хи іргетас ретінде танылатын қазақ мәдениеті
мен тілі. Ұлттық құрылыстың мұндай моделі
қатаң этникалық ұлтшылдықтан ерекшеленеді,
себебі ол басқа қауымдастықтарды саяси
және экономикалық өмірден ресми түрде
шеттетпейді, бірақ оларға түпкі ұлттың жетекші
рөлін тану шартын қояды.

Биполярлық, яғни екі ірі этникалық топтың
болуы ұлттық бірліктің «орталығын» құруға
бағытталған кез келген әрекетті орыс тілі мен
мәдениетінің тарихи қалыптасқан рөлімен
бетпе-бет қалдыра отырып Қазақстанда ерек-
ше әлеуметтік құрылымды қалыптастырады.
Д.Д. Ешпанова мен Ұ.Смаилованың пікірінше,
мұндай ортада көпқырлы бірегейлік социумның
әртүрлі талаптарына бейімделудің табиғи
механизмі ретінде дамиды: негізінен орыстілді

қалалық кеңістікте өскен жас қазақ ауылдағы туыстарымен байланысын сақтайды, онда күнделікті қарым-қатынас қазақ тілінде жүреді және дәстүрлі мәдениет нормалары тұрақтырақ болып қалады. Сол сияқты, корейлерден татарларға дейінгі түрлі этнос өкілдерінің басым бөлігі бір шетінен, көпшілікті құрайтын қазақ тіліне қарай бағыт алса, тағы бір шетінен орыстiлді ортаның қоғамдық кеңістігінің күнделікті өмірде бір бөлігі бола отырып бірнеше мінез-құлық мен тілдік стратегияларды біруақытта меңгереді. Титулдық этностың ресми түрде жарияланған басымдықтары мен қостілділіктің нақты практикасы арасындағы мұндай «алшақтық» өзін-өзі айқындаудың гибридік бірегейлік формалары үшін қолайлы ортаға айналады, мұндай гибридік бірегейлік аясында қалыптасқан азаматтар кезек-кезек қазақ немесе орыс мәдени басымдықтарына қарай бағыт ауыстырып отырады [18, 75–88 бб.].

Сонымен қатар, кеңестік индустрияландыру және тың игеру науқандары барысында қалыптасқан биполярлы қоғам моделі мемлекет пен оның институттарынан қарама-қайшы дүниелерді талап етуді тудырады. Бір жағынан, «өзек» ұлттың біріктіруші символы ретінде қазақ тілін алға жылжытуға сұраныс бар болса, екінші жағынан, білім беруде, іс қағаздарын жүргізуде және жеке салада орыс тілінің тарихи түрде қалыптасқан инфрақұрылымын сақталып отыр. Нәтижесінде, іштей бірден бірнеше этно-мәдени қабаттарды біріктіретін азаматтар кейде «белгілі бір жақты таңдау» қажеттігімен бетпе-бет келеді: сауалнамалар көрсеткендей, әлі де негізінен орысша сөйлейтін қазақтар жеткілікті деңгейде «аутентик» емес бірегейлігі үшін сынға ұшырауы мүмкін, ал орыстiлділер, өз кезегінде, қазақ тіліне қызығушылық танытпаған жағдайда жиі символдық қысымды сезінеді. Мұндай қайшылықтар социумның биполяр табиғатынан заңды түрде туындайды, онда көпқырлы бірегейлік мәдени көпқырлылықтың салдары және статус пен ықпал үшін бәсекелесуді жалғастыратын әртүрлі субқауымдастықтардың көбіне өзара үйлесе бермейтін талаптарына қатысты реакция десек болады [18, 80 б.].

Әлеуметтанулық сауалнамалар және азаматтардың бірегейлікті қабылдауы

Жүргізілген бірқатар сауалнамалардың деректері халықтың көпшілігінің тәуелсіз Қазақстан идеясына және қазақ тілінің конституциялық мәртебесіне жоғары адалдығын көрсетеді [11, 241–263 бб.; 15, 78–81 бб.]. Қазақ респонденттердің 70%-дан астамы тіл мен салт-дәстүрді өз халқының басты символы ретінде көретінін атап өтеді. Орыстiлді азаматтар арасында (орыстар да, «славянданған» немістер мен украиндар да) бірыңғай көзқарас жоқ: бір бөлігі қазақ тілі дамуы керек деп санайды және оны мектептерде міндетті түрде оқытуды қолдайды, ал екінші бөлігі орыс тілінің іскерлік және мәдени салалардан «ығыстырылуын» қауіп көреді.

Жастардың бірегейлік түсінігі ерекше қызық. 18-30 жас аралығындағы қала тұрғындарымен сұхбат көптеген қазақтардың үйде орысша сөйлегенімен, қазақ тіліне ұлттық болмысының тілі ретінде айқын қызығушылық танытатынын көрсетеді. Олардың кейбіреулері арнайы курстарға қатысып, қалалық мәдени стилін сақтай отырып, ана тілін меңгерудің «неофиттеріне» айналады деуге болады. Орыстар және басқа да қазақ емес жастар көбіне прагматикалық себептермен (мемлекеттік органдардағы мансап үшін) болсын кейде мектепте қазақ тілін үйренеді. Нәтижесінде гибридік феномені басқа мотивке ие болатын жаңа көпқабатты көрініс қалыптасады: біреу үшін бұл патриотизм мен мәдени тамырлардың көрінісі болса, тағы біреу үшін әлеуметтік икемділік құралы.

Мәдени саясат және гибридік бірегейлікті басқару

Мемлекет қазақ этносын «титулдық» ұлт ретінде нығайтуға ұмтыла отырып, қазақ тілін насихаттауға, оқулықтар шығаруға, қазақ тіліндегі БАҚ-ты дамытуға баса назар аударады. Сонымен қатар, орыс тілінің рөлі, әсіресе техникалық және ғылыми салаларда, ресми түрде мойындалады. Ірі қалалардың көпшілігінде маңдайшалар мен хабарландырулар екі тілде қайталаанады. Барлық іс қағаздарын қазақ тіліне көшіру туралы пікірталастар екіұштылықты көрсетеді: бір жағынан, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту қисынды қадам ретінде қабылданады, екінші жағынан, көптеген кәсіпкерлер, ғалымдар, дәрігерлер орыс тілінен бас тартуға дайын емес, оны олар кәсіби және ғылыми тіл ретінде қабылдайды.

Ұлтшыл бағыттағы қазақтар арасынан сыншыл көзқарастағы қоғам қайраткерлері билік қазақ тілін жеткілікті түрде дамытпайды және гибридік осылайша қалалардағы орыс мәдениетінің статус-квосын нығайтатын «тұзаққа» айналып отыр деп мәлімдейді. Олар университетке түсу үшін қазақ тілін міндетті түрде білуді, сондай-ақ мемлекеттік құжаттарда орыс тілін қолдануды қатаң бақылау секілді неғұрлым батыл шаралар қабылдауға шақырады. Алайда, мұндай идеялар кейде этникалық ұлтшылдықтың өсуінен қауіптенетіндер арасында аландаушылық тудырады [18, 78 б.].

Аймақтық айырмашылық пен фрагментацияның ықтималдығы

Гибридік бірегейліктер аймаққа байланысты әртүрлі қабылдануы мүмкін. Қазақстанның солтүстігі мен шығысында, орыстар мен басқа да славяндардың үлесі дәстүрлі түрде жоғары болған жерлерде, адамдар орыстiлді ортаға үйренген. Олар үшін қазақ тілінің пайдалына басымдықты өзгерту «идеологиялық қысым» болып көрінуі мүмкін. Оңтүстікте (Алматы, Шымкент, Түркістан) және батыста (Маңғыстау) қазақтiлді қауымдастықтар басым, мұнда гибридік жиі екінші дәрежелі құбылыс

ретінде қабылданады, ал біртекті қазақ ортасы табиғи процесс саналады.

Егер мемлекеттік саясат осы аймақтық ерекшеліктерді ескермесе, көпқырлы бірегейлік ұранымен солтүстік облыстарда «орыстілді аумақтың» қалыптасу қаупі бар, ал оңтүстік пен батыс таза қазақ мәдениетінің тірегі болып қала береді. Бұл кейбір басқа көпұлтты елдердегі жағдайды еске түсіретін дуализмді күшейтуі мүмкін, онда биполяр құрылым (мысалы, ағылшын және француз тілді халқы бар Канада) үнемі ұлтаралық қақтығыстарды тудырады.

Басқа елдердің тәжірибесі мен Қазақстанның спецификасы

Салыстырмалы зерттеулер көрсеткендей, бірқатар мемлекеттерде (Канада, Бельгия, Швейцария) көптілділік институттық түрде бекітілген, және онда гибридік сәйкестіктер көбіне нормаға айналған [19, 1–12 бб.; 20; 21]. Алайда, Қазақстан бірнеше параметр бойынша айтарлықтай ерекшеленеді. Біріншіден, қазақтар XX ғасырға дейін көшпелі халық болған, олар отаршылдық пен кеңестік эксперименттерден зардап шеккен [13, 162 б.]. Екіншіден, орыстармен «тең құқылы» болмаған, керісінше империялық/кеңестік үстемдік салтанат құрған, бұл қазақтардың тарихи жадында терең із қалдырған [7, 53 б.].

Бұдан басқа, Еуропада немесе Солтүстік Америкада жиі либерал демократия мен адам құқықтарына негізделген азаматтық ұлт концепциясы қалыптасса, Қазақстанда ұлттық құрылыс шоғырланған билік пен қоғамдық-саяси саладағы шектеулері бар авторитарбасқару стилінде жүзеге асырылуда [22, 12–15 бб.]. Бұл дегеніміз, мұндағы гибридік моделі әрдайым кең қоғамдық диалог арқылы реттеліп отырмайды, керісінше жиі «жоғарыдан», нұсқаулар мен заңнамалық бастамалар арқылы қалыптасады.

Дегенмен, осындай жағдайлардың өзінде де неғұрлым икемді тәсіл үшін кеңістік бар: Қазақстан халқы Ассамблеясы, «халықтар достығы» туралы ресми риторика, орыстілді мектептер мен медианы сақтау. Мұның бәрі біртекті қазақ ұлты идеясы біртіндеп жүзеге асырылып, басқа қауымдастықтарға бейімделуге уақыт беріліп жатқанын көрсетеді.

Гибридіктің бақылаудан шығып кету қаупі және біртұтас мәдени қалыптың қажеттігі

Қазақтардың басым рөлін жақтаушылардың негізгі аргументі мынадай: егер мемлекет қазақ тілі мен символдары түрінде нақты орталық қалыптастырмаса, биполяр құрылымдағы гибридік үйлесімді қатар өмір сүруге емес, бәсекелестікке ұласады. Демографиялық көпшілікке айналған қазақтар өз этносының осы жердің тарихи иесі ретіндегі ерекше мәртебесін мойындауды талап етеді, ел егер мемлекет орыс тіліне қатысты «толық теңқұқылық» ұстанымында қала берсе,

бірнеше онжылдықтан кейін қайтадан орыс тілі мен дәстүрлерінің мәдени үстемдігіне тап болуы мүмкін деп қауіптенеді.

Екінші жағынан, З. Бауманның пікірінше, егер қазақ этносына мәдени әртүрлілікті ескермей абсолютті басымдық берілсе, кейбір постотар елдердегідей жанжалдардың жиі қайталану қаупі артады [23, 57–60 бб.]. Қазақ тілі мен мәдениеті символдық және идеологиялық басымдыққа ие болғанда, ал қалған этностар өздерінің бірегейлігін мәдени орталықтар, жеке БАҚ, тұрмыстық салада және т.б. дамыту мүмкіндігін сақтағанда, бірақ сонымен бірге «қазақстандық азаматтық ұлттың» негізгі ережелерін қабылдағанда ғана дұрыс тепе-теңдікке қол жеткізіледі.

Әлеуметтік-саяси болашақ және жастардың рөлі

Қазақстанның XXI ғасырдағы даму бағытын салыстырмалы экономикалық тұрақтылық пен сыртқы әлеммен белсенді байланыс жағдайында қалыптасып келе жатқан жас буын айқындайды. Ірі қалалардың мәдени ортасы бұрыннан орыстілді және батыстық элементтермен сіңісіп кеткен, алайда қазақ тілі мен тарихына деген қызығушылық артып келеді, бұған ресми науқандар да, «түп тамырға оралу» сәні де ықпал етіп келеді. Бірқатар бейресми сұхбаттар (2019–2021 жж. өткізілген) барысында сауалнама жүргізілген жас қазақтардың көпшілігі титулдық ұлттың нағыз өкілі болу үшін қазақ тілін меңгеру дағдыларын «жетілдіру» қажеттігін мәлімдеген.

Түрлі этностардың орыстілді өкілдері (орыстар, украиндар, немістер, татарлар) үшін дилемма бар: үйреншікті орыстілді ортада өмір сүруді жалғастыру немесе Қазақстанның қоғамдық және мансаптық саласына толық ену үшін қазақ тілін үйрену. Бұл жағдайда көпқырлы бірегейлік жиі ымыраға келу жолына айналады: адам өзінің орыс мәдениетімен байланысын сезінеді, бірақ сонымен бірге қазақ тілінің өсіп келе жатқан рөлін мойындайды және «қазақтілді» ортаға қосылуға тырысады.

Талқылау

Тарихи деректер мен қазіргі әлеуметтанулық ақпараттарға сүйене отырып, биполяр мұра жағдайында (мұнда қазақтар мен орыстілділер ұзақ уақыт бойы бәсекелес болған) бірегейліктің бақылаусыз гибридік сипатта өрбуі консолидацияға әкелмейді, есесіне жасырын қақтығыстарды күшейтуі мүмкін деген қорытынды жасауға болады. Сын-қатерлер мен фрагменттенуді азайту үшін қазақ ұлтын «өзек» ретінде нақты бекіту қажет. Бұл қазақ тілінің ресми және практикалық үстемдігін, мәдени символға қазақ халқының тарихи фактілері мен батырларын енгізуді білдіреді.

Мұндай бағыт «жұмсақ» ұлттандыру идеясына сәйкес келеді, мұнда бір жағынан Қазақстанның көпэтностығы мойындалады және орыс және басқа мәдениеттердің

көріністері үшін белгілі бір еркіндік сақталады, ал екінші жағынан — ұзақ мерзімді перспективада барлық азаматтар қазақ мәдениетін өздерінің азаматтық бірегейлігінің басты тірегі ретінде танитындай жағдайлар жасалады. Егер мемлекеттік саясат дәйексіз немесе шамадан тыс қатаң болса, әсіресе солтүстік аймақтарда, орыстiлді және басқа қауымдастықтар тарапынан теріс қабылдау қаупі жоғары, бұл әлеуметтік шиеленісті тудыруы мүмкін.

Қазақстан ұзақ кезеңнен өтті, оның барысында қазақтар кеңестік билік кезіндегі азшылық санатынан тәуелсіз мемлекеттегі негізгі көпшілікке айналды. Бұл бетбұрыс саяси ықпалдың бөлінуіне түбегейлі әсер етті, қазақ тілінің мәртебесін көтерді және ұлттық идеология туралы пікірталастардың жаңа толқынын тудырды. Алайда, биполяр мұра жоғалған жоқ және орыстiлді қауымдастықтың болуы, қалалардың терең мәдени орыстануы және гибридітк (қазақ-орыс, қазақ-орыс-батыс) бірегейлікке ие көптеген топтардың болуы түрінде сақталып отыр.

Жаһандану мен жергілікті этно-мәдени факторлардың қақтығысы көпқырлы бірегейлік оң да, теріс те рөл атқара алатын жағдай туғызды. Орталық идеологияға дұрыс енгізілгенде гибридітк жаңаруға, дүниетанымды кеңейтуге және мәдени плюрализмге ықпал етеді. Ұлттық басымдықтың айқын болмауы және «титулдық» ұлттың басымдығын мойындамау кезінде көпқырлы бірегейлік шиеленістің күшеюіне қауіп төндіреді, бұл кезде әртүрлі топтар символдық және әлеуметтік капитал үшін күресетін болады.

Этнодемографиялық эволюцияны ескере отырып, қазақтардың осы аумақпен тарихи және мәдени байланысты, соңғы уақытта сандық көпшілікке де ие болған түпкілікті ұлт ретіндегі маңыздылығын мойындау керек. Бұл жағдай жақын онжылдықтарда қазақ тілі мен мәдениеті біріктіруші фактор бола алады деп есептеуге негіз бола алады. Білім беру, медиа саласы, қоғамдық рәсімдер, ресми риторика саласындағы мемлекеттік бастамалар басқа қауымдастықтардың мүмкіндіктерін басып тастамай, қазақ құрамын дәйекті түрде нығайтуы тиіс.

Көптірлілікті қабылдау арқылы, бірақ қазақ мәдениетінің айқын басымдығымен «біртұтас қазақстандық ұлтқа» көшу ең байсалды нұсқа болып көрінеді. Егер бұл орындалмаса, биполяр (содан кейін мультимодельді) гибридітк аймақтық, буынарасы және этно-мәдени қайшылықтардың одан да күрделі желісіне ұласуы мүмкін. Дәл сол себепті қазақстандық тәжірибені талдағанда, Конституцияның ресми баптары мен халық санағының статистикасына ғана емес, сонымен қатар жас қала тұрғындары мен элитаның даму векторын анықтайтын нақты әлеуметтік-мәдени динамикасына да қарау қажет: не қостілділік пен гибридітк «қазақ өзегі» идеологиясымен нығайтылады, не қазақтiлді және орыстiлді болып бөліну жаңа серпін алады.

Осылайша, кеңірек қарар болсақ картина мынадай: Қазақстан қазақтардың КСРО

кезіндегі «аз ықпалды» этнос позициясынан тәуелсіз мемлекеттегі басым көпшілікке өту моделін құрып жатыр. Бұл «көпшілік — азшылық» формулаларын өзгертіп, «титулдық ұлт» тұжырымдамасының қажеттілігін өзекті етеді, мұнда қазақ мәдениеті мен тілі жай ғана мемлекеттік символ мәртебесін емес, саясат пен экономикада нақты үстемдікке ие болады. Мұндай өзгерістер көпқырлы бірегейлік феноменіне екіұшты әсер етеді: бір жағынан, олар гибридітк жұмсақ қостілді кеңістікте жалғасуға мүмкіндік береді, ал екінші жағынан, гибридітк топтардың (қалалық қазақтар, орыстар, басқа этнос өкілдері) қазақ өзегіне қатысты адалдығын қалыптастыру міндетін қояды.

Ішінара ұқсас процестер титулдық ұлт көпшілікке жеткен басқа да бұрынғы кеңестік республикаларда байқалды. Бірақ Қазақстандық тәжірибе ерекше жағдай, өйткені 1930 жылдардан бастап 1980 жылдарға дейін қазақтар республиканың ең көп халқын құрап келген жоқ [24, 1–18 бб.; 25, 200 б.]. Демографиялық тұрғыдан басым ұлт мәртебесіне оралу мәдениет, саясат және экономика үшін шешуші маңызға ие, бұл қазақстандық бірегейлік «коды» туралы қызу пікірталастарды тудырады. Алайда, іс жүзінде қазақ тілінің біртіндеп институттануы, оның білім беру мен іс қағаздарын жүргізудегі позицияларының күшеюі байқалады, бұл қазақтардың сандық және символдық тұрғыдан «титулдық» позициясының үздіксіз нығайып келе жатқанын көрсетеді.

Осы өзгерістердің барлығы Қазақстанда орыс тілінің, әсіресе бизнес, ғылым, техника және қала халқының күнделікті өмірі саласында, үлкен рөл атқаруды жалғастыратынын жоққа шығармайды. Кеңестік мәдени мұра дәстүрлері қостілді кеңістік түрінде сақталады, және заманауи өмір салтына ұмтылатын жас қазақтар жиі орыс тілін белсенді қолданады. Көптеген сәйкестіктер қоғамның едәуір бөлігі үшін нормаға айналуға. Дегенмен, қазақ мәдениетінің жетекші рөлін тану – гибридітк мәдени хаосқа айналмай, шынайы азаматтық бірлік арнасына бағытталатынына үміт береді, ол бойынша «жергілікті ұлттың» рөлін көпшілік түсіністікпен қабылдайды, ал қазақтар өз кезегінде басқа мәдениеттерді құрметтейді.

Қорытынды

Қазақстандағы көпқырлы бірегейліктің алуан түрлілігіне қарамастан, қазақтар санының өсуі және олардың «титулдық» ұлт ретінде нығаюы ұлттық құрылыстың жаңа кезеңі үшін негіз қалайды. Бейімделгіш модель «азаматтық қазақстандық ұлт» түрінде көрінуі мүмкін, ол қостілділікті ынталандырады, бірақ сонымен бірге қазақ мәдениетінің негізгі компоненттерін өзіне сіңіріп, оларды басты орынға қояды. Өкілдері екі-үш тілде еркін сөйлейтін жас буын қазақ мәдени-тарихи мұрасының ортақ платформасында әртүрлі бірегейлікті біріктіретін әлеуметтік қабатқа айналады.

Жалпы алғанда, Қазақстан тәжірибесі мұқият ойластырылған саясат жүргізілген жағдайда «екі полюсті» постотар қоғамның барынша біртекті жүйеге айнала алатынын көрсетеді, мұнда титулдық ұлт құрметті орын алады, ал басқа этностар бұл фактіні өздерінің азаматтық келісімінің бір бөлігі ретінде қабылдайды. Егер «гибридтік» немесе «көптүрлілік» айқын орталық сызықты бұзса, фрагменттену және мәдени бәсекелестіктің жалғасу қаупі туындайды. Қазақтардың этнодемографиялық басымдығы жағдайында олардың тілі мен символдары негізінде біртұтас ұлтты қалыптастыруға шақыру, азшылықтардың қажеттіліктеріне назар аударумен нығайтылған, ең тұрақты бағыт саналады.

Осындай модельдің қалыптасуы қазірдің өзінде жүріп жатыр, алайда ол білім берудегі, ақпараттық саладағы, құқықтық базадағы реформаларды қоса алғанда, қазақ тілінің басым дамуына бағытталған жүйелі және ұзақ мерзімді қолдауды талап етеді, сонымен бірге орыстіді және басқа қауымдастықтардың өз мәдени тәжірибелеріне деген құқықтарын сақтайды. Титулдық ұлтты нығайту этникалық кемсітушілік емес, бүкіл халық қосыла алатын айқын символдық орталық құруды білдіреді. Көптеген қазақстандық әлеуметтанушылардың пікірінше, ұлттық құрылысты сәтті іске асыру арқылы көпқырлы бірегейлікті жіктеу факторы емес, креативті дамудың ресурсы етуге болады.

Қаржыландыру

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылай қолдауымен жүзеге асырылды (№ BR21882209 «Қазақстандағы бұқаралық санаға ақпараттық-идеологиялық ықпал: қатерлер мен мүмкіндіктер»).

Әдебиеттер тізімі

- Hall S. Questions of cultural identity. – London: SAGE, 1996. – P. 1–4.
- Bhabha H. K. The location of culture. – London: Routledge, 1994. – P. 1–2.
- Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санақтарының қорытындылары: 1999, 2009 және 2021 жылдар. Т. 1. – Астана: Ұлттық статистика бюросы, 2000, 2010, 2022. – Б. 1–3. // [Электронды ресурсы] URL: <https://stat.gov.kz/ru/national/> (Қаралған күні: 24.04.2025).
- Kolsto P. Nation building and ethnic integration in post Soviet societies: An investigation of Latvia and Kazakhstan. – Boulder: Westview Press, 1999. – P. 58.
- Bremmer I. Nazarbaev and the North: State building and ethnic relations in Kazakhstan // Ethnic and Racial Studies. – 1994. – Т. 17. – № 4. – 619–635 pp.
- Schatz E. A. What capital cities say: "Tribes" and "clans" in modern power – the state led production of subethnic politics in Kazakhstan. Dis. ... PhD. – Madison: University of Wisconsin–Madison, 2000. – 129–130 pp.
- Olcott M. B. Kazakhstan: Unfulfilled promise. – Washington, DC: Carnegie Endowment for International Peace, 1995. – 53 p.
- Anderson B. R. O'G. Imagined Communities: Reflections on the Origin and Spread of Nationalism. – London: Verso, 1983. – P. 1–7.

9 Brubaker R. Nationalism Reframed: Nationhood and the National Question in the New Europe. – Cambridge: Cambridge University Press, 1996. – P. 23–54.

10 Переписи населения Казахской ССР: 1926, 1939, 1959, 1970, 1979, 1989 гг.

Т. 1. – Алма-Ата: Статистика СССР Қазақ филиалы, 1990. – Б. 1–10 // [Электронды ресурсы] URL: <https://kazneb.kz/ru/catalogue/view/1549143> (Қаралған күні: 24.04.2025).

11 Dave B. Minorities and Migration in Post Soviet Kazakhstan // Europe Asia Studies. – 2003. – Т. 55. – № 2. – P. 241–263.

12 Әубәкірова Ж., Алексеев А. Казахи в контексте демографической истории. – Алматы: «Рухани жаңғыру», 2018. – Б. 25–48.

13 Cameron S. The Hungry Steppe: Famine, Violence, and the Making of Soviet Kazakhstan. Ithaca. – London: Cornell University Press, 2018. – P. 162.

14 Kolsto P. Bilingual or Bicultural? Language Politics in Kazakhstan // Nationalities Papers. – 2004. – Т. 32. – № 1. – P. 45–48.

15 Понарин Э. Конфликтность и идентичность в постсоветских обществах. – М.: Наука, 2012. Б. 78–81.

16 Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы (өзгерістер мен толықтыруларымен). – Астана, 1995. Б. 1–5 // [Электронды ресурсы] URL: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1005023 (Қаралған күні: 27.04.2025).

17 Jones J., Hynie M. Similarly Torn, Differentially Shorn? The Experience and Management of Conflict between Multiple Roles, Relationships, and Social Categories // Frontiers in Psychology. – 2017. – Vol. 8 // [Электронды ресурсы] URL: <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2017.01732> (Қаралған күні: 27.04.2025).

18 Ешпанова Д., Смаилова У. Восприятие казахстанцами языковой ситуации в контексте культурной интеграции // Журнал Аль-Фараби. – 4 (80) – 2022. – Б. 75–88.

19 Jubran H., Horenczyk G., Benet-Martinez V. Profiles of Multi-cultural Identity Integration in a Conflictual Context // International Journal of Intercultural Relations. – 2020. – Vol. 77. – P. 1–12 // [Электронды ресурсы] URL: <https://doi.org/10.1016/j.ijintrel.2020.03.001> (Қаралған күні: 24.04.2025).

20 Hambye P. & Richards M. The paradoxical visions of multilingualism in education: the ideological dimension of discourses on multilingualism in Belgium and Canada // International Journal of Multilingualism. – 2012. – №9. – P. 165–188.

21 Turgeon L. & Gagnon A. The Politics of Representative Bureaucracy in Multilingual States: A Comparison of Belgium, Canada and Switzerland // Regional & Federal Studies. – 2013. – №23. – P. 407–425.

22 Laruelle M., Peyrouse S. Le 'Question russe' au Kazakhstan. – Paris: Maisonneuve & Larose, 2007. – P. 12–15.

23 Bauman Z. Identity in the Globalizing World. – London: Routledge, 2001. – P. 57–60.

24 Maulen A.B., Kadyrzhанov R., Mussatayev S. Post-Soviet Ethnodemographic Dynamics as a Factor of National Building in Kazakhstan // Nationalism and Ethnic Politics. – 2025. – №31(1). – P. 138–155.

25 Кадыржанов Р.К., Ешпанова Д.Д. Этнополитическая демография и трансформация биполярного общества в Казахстане. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, 2024. – Б. 200.

Transliteration

1 Hall S. Questions of cultural identity. – London: SAGE, 1996. – P. 1–4.

2 Bhabha H. K. The location of culture. – London: Routledge, 1994. – P. 1–2.

3 Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы.

Kazakhstan Respublikasy halyqnyń ulttyq sanaqtarynyń qorytyndylary: 1999, 2009 zhәне 2021 zhyldar [Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan National Bureau of Statistics. Results of the National Censuses of the Population of the Republic of Kazakhstan: 1999, 2009 and 2021.]. T. 1. – Astana: Ұлттық статистика бюросы, 2000, 2010, 2022. – B. 1–3. // [Jelektrondy resurs] URL: <https://stat.gov.kz/ru/national/> (Qaralğan kuni: 24.04.2025). (in Kaz)

4 Kolsto P. Nation building and ethnic integration in post Soviet societies: An investigation of Latvia and Kazakhstan. – Boulder: Westview Press, 1999. – P. 58.

5 Bremmer I. Nazarbaev and the North: State building and ethnic relations in Kazakhstan // Ethnic and Racial Studies. – 1994. – T. 17. – № 4. – 619–635 pp.

6 Schatz E. A. What capital cities say: “Tribes” and “clans” in modern power – the state led production of subethnic politics in Kazakhstan: Dis. ... PhD. – Madison: University of Wisconsin–Madison, 2000. – 129–130 pp.

7 Olcott M. B. Kazakhstan: Unfulfilled promise. – Washington, DC: Carnegie Endowment for International Peace, 1995. – 53 p.

8 Anderson B. R. O’G. Imagined Communities: Reflections on the Origin and Spread of Nationalism. – London: Verso, 1983. – P. 1–7.

9 Brubaker R. Nationalism Reframed: Nationhood and the National Question in the New Europe. – Cambridge: Cambridge University Press, 1996. – P. 23–54.

10 Perepisi naselenija Kazahskoj SSR: 1926, 1939, 1959, 1970, 1979, 1989 gg. [Census of the Kazakh SSR: 1926, 1939, 1959, 1970, 1979, 1989.] T. 1. – Alma Ata: Statistika SSSR Kazak filialy, 1990. – B. 1–10 // [Jelektrondy resurs] URL: <https://kazneb.kz/ru/catalogue/view/1549143> (Qaralğan kuni: 24.04.2025). (in Russ)

11 Dave B. Minorities and Migration in Post Soviet Kazakhstan // Europe Asia Studies. – 2003. – T. 55. – № 2. – P. 241–263.

12 Әубәкірова Zh., Alekseenko A. Kazahı v kontekste demograficheskoj istorii [Kazakh in the context of demographic history]. – Almaty: «Ruhani zhaңғыru», 2018. – B. 25–48. (in Kaz)

13 Cameron S. The Hungry Steppe: Famine, Violence, and the Making of Soviet Kazakhstan. Ithaca. – London: Cornell University Press, 2018. – P. 162.

14 Kolsto P. Bilingual or Bicultural? Language Politics in Kazakhstan // Nationalities Papers. – 2004. – T. 32. – № 1. – P. 45–48.

15 Ponarin Je. Konfliktnost’ i identichnost’ v postsovetstskih obshhestvah [Conflict and identity in post-

Soviet societies]. – M.: Nauka, 2012. B. 78–81.

16 Қазақстан Respublikasynyń 1995 zhyly 30 tamyzdary Konstituciasy (ezgerister men tolyqtyrularymen) [Constitution of the Republic of Kazakhstan dated August 30, 1995 (with changes and additions)]. – Astana, 1995. – B. 1–5 // [Jelektrondy resurs] URL: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1005023 (Qaralğan kuni: 27.04.2025). (in Kaz)

17 Jones J., Hynie M. Similarly Torn, Differentially Shorn? The Experience and Management of Conflict between Multiple Roles, Relationships, and Social Categories // Frontiers in Psychology. – 2017. – Vol. 8 // [Jelektrondy resurs] URL: <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2017.01732> (Qaralğan kuni: 27.04.2025).

18 Eshpanova D., Smailova U. Vospriyatie kazahstancami jazykovoı situacii v kontekste kul’turnoj integracii [Perception of the language situation by Kazakhs in the context of cultural integration] // Zhurnal Al’-Farabi. – 4 (80) – 2022. – B. 75–88. (in Russ)

19 Jubran H., Horenczyk G., Benet–Martínez V. Profiles of Multi-cultural Identity Integration in a Conflictual Context // International Journal of Intercultural Relations. – 2020. – Vol. 77. – P. 1–12 // [Jelektrondy resurs] URL: <https://doi.org/10.1016/j.ijintrel.2020.03.001> (Qaralğan kuni: 24.04.2025).

20 Hambye P. & Richards M. The paradoxical visions of multilingualism in education: the ideological dimension of discourses on multilingualism in Belgium and Canada // International Journal of Multilingualism. – 2012. – №9. – P. 165–188.

21 Turgeon L. & Gagnon A. The Politics of Representative Bureaucracy in Multilingual States: A Comparison of Belgium, Canada and Switzerland // Regional & Federal Studies. – 2013. – №23. – R. 407–425.

22 Laruelle M., Peyrouse S. Le ‘Quesion russe’ au Kazakhstan. – Paris: Maisonneuve & Larose, 2007. – P. 12–15.

23 Bauman Z. Identity in the Globalizing World. – London: Routledge, 2001. – P. 57–60.

24 Maulen A.B., Kadyrzhanov R., Mussatayev S. Post-Soviet Ethnodemographic Dynamics as a Factor of National Building in Kazakhstan // Nationalism and Ethnic Politics. – 2025. – №31(1). – P. 138–155.

25 Kadyrzhanov R.K., Eshpanova D.D. Jetnopoliticheskaja demografija i transformacija bipoljarnogo obshhestva v Kazahstane [Ethnopolitical demography and transformation of bipolar society in Kazakhstan]. – Almaty: Institut filosofii, politologii i religiovedeniya KN MNVO RK, 2024. – B. 200. (in Russ)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Шынар Ержанқызы Бақытжан PhD докторанты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Философия және саясаттану факультеті, Алматы, Қазақстан, email: shynarbakyty@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-1569-643X

Асылтай Ғалымұлы Тасболат аға ғылыми қызметкер, ҚР ҒЖМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, email: tasbolat.usul@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-6403-8070

Шынар Ержанқызы Бақытжан PhD докторант, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: shynarbakyty@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-1569-643X

Асылтай Ғалымұлы Тасболат старший научный сотрудник, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: tasbolat.usul@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-6403-8070

Shynar Bakytzhan PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: shynarbakyty@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-1569-643X

Assyltai Tasbolat Senior Researcher, Institute of Philosophy, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: tasbolat.usul@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-6403-8070